

9 Қаңтар  
Сейсенбі,  
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады

# Ойыл

## КАСПИ ТӨЛЕМ – КІМГЕ ТИІМДІ?

«КАСПИМЕ ЖІБЕРЕ САЛЫҢЫЗ!» – ДЕЙТІН КӘСІПКЕРЛЕР ЖАҢА ЖЫЛДАН БАСТАП ТӨЛЕМНІҢ БҰЛ ТҮРІНЕН БАС ТАРТА БАСТАДЫ. СЕБЕП - САЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫНА МОБИЛЬДІ АУДАРЫМДАРҒА ҚАТЫСТЫ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР.



Ойылда Каспи банктің банкоматы жоқ. Басқа банкоматтар басқа карточкаларға қаржыны шектеп береді. Енді не істемек керек? Ақылы артық кәсіпкерлер QR төлеммен алса, 4 пайыз үстеме қосып төлеуді талап етіп тұр. Каспи төлемге үйреніп қалған тұрғындардың сауалын аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Берік Майлановқа жолдадық.

-Биылға дейін дүкендердің басқа қызмет көрсетушілердің көбісі қызметақысын аударым арқылы алып келгені жасырын емес. Тіпті дүкеніне көбінде Каспий банкке тіркелген нөмірін де жазып қойды. Шынында бұл мүлдем заңсыз. Себебі бізде салық кодексінде тек төлемнің екі формасы ғана қарастырылған. Бұл – қолма-қол төлем және карта арқылы төлеу (пост-терминал, яғни түбіртекті міндетті түрде беру) керек. Бұл норма тұтынушылардың құқығын қосымша қорғайды. Тауарды сатқан кәсіпкер түбіртек беруге міндеттелді. Салық жүктемесі кәсіпкерлерге қосымша түспейді. Бар-жоғы кәсіпкерлердің салық төртбін сақтауға міндеттейді. Такси жүргізушілері мен дүкендердегі сатушылар тұрғындардан қолма-қол ақша талап еткен соң, электронды ақшаға әбден үйренген халық абырап қалғаны рас. Нақты табысын көрсетуден қашқан кәсіпкерлер салық заңнамасына енгізілген өзгерістердің байыбына бармай жатып, банк қосымшасы арқылы төлем қабылдаудан жалтарып бақты. Ашығын айтсақ, бұл заңның қарапайым тұрғындарға еш қатысы жоқ. Бірақ ел арасында ақпараттың «өңі» өзгеріп жылдам тараған соң, шәйшілік

мұны жаңсақ түсінуде. Әрине, тұрғындар ең бірінші кезекте ресми ақпараттың анық-қанығын білместен біреуден естігенге сенеді. Салық заңнамасына мобильді аударымдарға қатысты енгізілген өзгертулер жеке тұлғалардың банктік аударымына кедергі келтірмейді. Бұл заң мобильді төлемдерді кәсіптік бағытта пайдаланып отырғандарға ғана қатысты. Бүгінде төлемге байланысты мобильді қосымшалар баршылық. Кәсіпкер онлайн кассаның мобильді нұсқасын жүктеп алып, заңды түрде пайдалана алады. Ал салықтың есебі «e-Salyq Business» қосымшасы арқылы автоматты түрде шығады. Табысын жасырғандарға немесе мобилді төлем қабылдаудан бас тартқандарға бірден айыппұл салынбайды. Төлемдер туралы ақпараттарды алған соң, салық төлемгерлерге алдымен ескертеміз. Кәсіпкерлерді кірісіне қарап анықтаудың бірнеше өлшем шарттары бар. Сонымен жеке тұлға бір айда 100 түрлі немесе одан да көп азаматтан, 3 ай қатарынан төлемдер кәсіпкерлік қызметке арналмаған банк шоты арқылы төлем қабылдай, кірісі жіті тексеріледі. Осылайша салықтан жалтарғандарды оңай анықтауға болады. Енді салық кодексінің шеңберінде 2025 жылға дейін екінші деңгейдегі банктер тұлғалардың бірнеше санаты бойынша тиісті органға мәліметтерді кезең-кезеңімен береді. 2022 жылы бірінші кезеңде «мемлекеттік қызметшілер мен олардың жұбайы (зайыбы), сондай-ақ оларға теңестірілген адамдар бойынша» төлемдер тексерілетіні

жазылған. Ал 2023 жылдан басталған 2-кезеңде бюджет саласының қызметкерлері мен жары, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жұмыскерлері мен жарының аударымдары тексеріледі. 2024 жылдың қаңтарынан, яғни үшінші кезеңде заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары) және олардың жұбайлары, дара кәсіпкерлер және олардың жұбайлары бойынша біржолғы ақшалай өтемақы алуға құқылы. Сонымен қатар 4-кезеңде халықтың қалған санаттары бойынша аударымдар бақыланады. Иә, сонымен 15 сәуірден бастап азаматтардың жеке шотындағы аударымдар тексеріле бастайды. Былтыр осы заң туралы ақпарат тарағанда кейбір дүкендер кассалық аппарат алып қамданған. Кәсіпкерлік субъектілеріне Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 166-бабына сәйкес, егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының аумағында ақшалай есеп айырысулар модельдері мемлекеттік тізілімге енгізілген, деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналары міндетті түрде қолданыла отырып жүргізіледі. Каспий Голд арқылы тауарды сатып алу кезінде ақшаны қабылдасаңыз (Каспий Голд нөміріне аудару арқылы), Сіз дереу осы сатып алу үшін бақылау-касса машинасын пайдаланып, сатып алушыға түбіртек беруіңіз керек. «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 11-тармағына сәйкес ортақ пайдаланылатын те-

лекоммуникациялар желісі жоқ жерлерде болатындарды қоспағанда, дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде өз қызметін жүзеге асыратын орындарда төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдер қабылдауға арналған жабдықты (құрылғыны) орнатуды және қолдануды және (немесе) лездік төлемдер жүйесін (QR-код төлемдері) пайдалана отырып, төлемдер қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті. Сатып алушы тауар немесе қызмет алу үшін Kaspi.kz қосымшасындағы аударым функциясы арқылы Kaspi Gold дебеттік картасына аударым арқылы төлем жасағысы келсе Kaspi.kz қызметі тізіміндегі жеке кәсіпкерлерге ұсынылатын жедел төлем жүйесін (QR төлем коды) пайдалану қажет. P.S. Алта бойы кейбір дүкендер мен такси жүргізушілері электронды ақша қабылдамай, цифрлы деуірде өмір сүріп жатқанымызды естен шығарғандай болды. Өйтсе де, көп ұзамай жағдай реттеліп, кәсіпкерлер қалпыты жұмысқа көшті. Өйткені, тұрғындардың наразылығы аудандық мемлекеттік кірістер басқармасына жеткен соң, құрамында аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі мен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының өкілдері бар арнаулы мобилдік топ Ойылдағы кәсіпкерлік нысандарды аралап, меншік иелері мен тұтынушыларға да жаңа заңның талаптарын түсіндірді. Сондықтан, қарапайым тұтынушылардың дүрлігуіне ешқандай негіз жоқ!

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,  
Ойыл селосы.

## ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫМЫЗ!

ПРЕЗИДЕНТІМІЗ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «EGEMEN QAZAQSTAN» ГАЗЕТІНЕ BERГЕН «БІЗ ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ РЕТІНДЕ ТЕК ҚАНА АЛҒА ҚАРАУЫМЫЗ КЕРЕК» ДЕГЕН СҰХБАТЫН ОҚЫП ШЫҚТЫМ.

Сұхбатта қоғамды толғандыратын бірқатар мәселе қозғалған. Соның ішінде Президент зорлық-зомбылыққа қатысты алдағы уақытта іске асырылатын заңнамалар туралы айтып берді. Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасына сәйкес зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында елімізде нақты іс-шаралар қабылданып жатыр. Оның мысалы ретінде Президент әйелдер мен балаларға жасалған зорлық-зомбылыққа қатысты қылмыстарды тергеумен әйел тергеушілер айналысатынын, ішкі істер органдарында әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғаумен шұғылданытын мамандардың штаты қалпына келтіріліп, олардың құзыреті күшейтілетінін айтты. Былтыр елімізде отбасындағы тұрмыстық құқықбұзушылықпен күрес тәсілдері қайта қаралғаны белгілі. Бұл ретте 1 шілдеден бастап полиция жәбірленушінің шағымын емес,

қылмыстың анықталуын негізге алып, қылмыстық істі тіркеуге көшкені де айтылды. Ақтөбе қаласы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында көптеген іс-шаралар жүзеге асыруда. Мәселен, өткен жылы комиссия мүшелері 700-ден астам адамға моральдық қолдау көрсетті. Бала күтіміне байланысты үйде отырған аналар «Бақытты отбасы» орталығы арқылы білім алып қана қоймай, жаңа кәсіп ашып жатыр. Сондай-ақ былтыр «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенділік» акциясы аясында халыққа ұнпарақтар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Биыл да бұл іс-шаралар өз жалғасын таба бермек.

Нұрсәуле ЖЫЛҚЫБАЕВА,  
Ақтөбе қаласы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшесі

## БАСТЫ БАҒДАР

ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫС КҮНІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «EGEMEN QAZAQSTAN» ГАЗЕТІНЕ BERГЕН СҰХБАТЫН ОҚЫП, ТАНЫСЫП ШЫҚТЫМ.

Сұхбатта ең алдымен халықтың тұрмыс-тіршілігіне, әлеуметтік қорғалуына, тұтас ұлттың өсіп-өркендеуіне басымдық берілген, сондай-ақ 2023 жылғы қыркүйектегі Жолдауында айтылған жаңа экономикалық үлгідегі көріністердің де басты бағдар ретінде жалғасын жөнінде айтылған. Ел Президенті биыл әдебиет, мәдениет, ғылым салалары бойынша бірнеше тұлғаның мерейтойын атап өтіп, жоғары деңгейде іс-шараларды ұйымдастырып қана қоймай, олардың өмірі мен шығармашылығын насихаттау еліміздің жалпыұлттық бірегейлігін нығайта түсуге зор септігін тигізетіндігіне тоқталды. Атап айтсақ, қазақтың біртуар тұлғалары Тұрар Рысқұлов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл, Қаныш Сәтбаев, Құдайберген Жұбановтың туғанына 125 жыл толады.

Олардың арасында Ақтөбенің перзенттері де бары, яғни жалпыұлттық шараларға біздің облыстың да атсалысатыны қуантады. Қасым-Жомарт Кемелұлы сұхбатта ел тарихындағы қасиетті Қаңтар оқиғасының себебі мен салдарын ашып айтып, ұлттық идеологияны дамыту жолындағы бағыттарға тоқталды. «Ұлтымыз өсіп-өркендесін десек, біз жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуіміз керек. Қоғамда еңбекқорлық пен жасампаздық жоғары бағалануға, білімпаздық пен жаңашылдық салтанат құруға тиіс. Сондай-ақ өмірге деген байсалды және байлыты көзқарас басым болғаны жөн», — деді Президент. Біз өз тарапымыздан жалпыұлттық құндылықтар негізінде халықтық өнердің туын биікке көтеріп, оның қадір-қасиетін арттыруға бағытталған міндет-мақсаттарымыз жолындағы жұмысымызды өрістете береміз.

Гүлнар СЕЙТАЛИНА,  
облыстық халық шығармашылығы орталығы директорының орынбасары

## 6 ТҰЛҒАНЫҢ КӨЛІК БАСҚАРУ ҚҰҚЫҒЫ ТОҚТАТЫЛДЫ

Ойыл ауданының прокуратурасы жол-көлік оқиғаларының алдын бағытында жүргізген талдаумен медициналық қарсы көрсетілімдермен есепте тұрған адамдардың көлік құралын басқарып жүргенін анықтады. Мәселен, ішкі істер органымен «Е» деген азаматқа 30.05.2018 жылы «В,С1» санатындағы көлік құралдарын басқару құқығымен жүргізуші куәлігі берілген. Деректер қорындағы мәліметтер бойынша аталған тұлғаның жеңіл дәрежедегі ақыл-ой кемістігі F70.0 диагнозымен аудандық ауруханада есепте тұрғаны анықталды. «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 75-бабына сәйкес медициналық қорытындымен расталған, көлік құралдарын қауіпсіз басқаруға кедергі келтіретін жүргізуші денсаулығының нашарлауы көлік



құралдарын басқару құқығын тоқтатуға негіз болып табылады. Прокурорлық қадағалау актісінің негізінде ішкі істер органымен сотқа талап арыз беріліп, соттың шешімімен 6 тұлғаның көлік құралын басқару құқығы тоқтатылды, сот актісі заңды күшіне енді.

Ойыл ауданының прокуратурасы

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ХАБАРЫ

Ойыл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы кезектен тыс тоғызыншы сессиясының №107 шешімімен Ойыл ауданының учаскелік сайлау комиссияларының құрамдары сайланды.

**Ойыл ауданының учаскелік сайлау комиссияларының құрамдары**  
**№ 389 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Ойыл ауылдық округі, Ойыл ауылы, Көкжар көшесі 68, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының ғимараты, телефон: 8 (71332)2-18-99  
Ерменова Райхан Есеновна - төраға  
Нұржанов Сансызбай Құмарұлы - төрағаның орынбасары  
Торегалиев Наурызбай Базарғалиевич - хатшы  
**Комиссия мүшелері:**  
Айдашев Абат Жаугашарович  
Ақбанова Ботакөз Қуатовна

**№ 390 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Ойыл ауылдық округі, Ойыл ауылы, Құрманов Исламғали көшесі 86, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон: 8 (71332)2-17-30  
Досымбаева Мира Бауыржанқызы - төраға  
Сағынғалиев Рүстем Темірұлы-төрағаның орынбасары  
Алдабергенова Нургуль Бисембиевна - хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Дүйсенғалиева Күнсая Құмарқызы  
Мерғалиева Зайда Садуовна

**№ 391 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Ойыл ауылдық округі, Ойыл ауылы, Шернияз Жарылғасұлы көшесі 36, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Шұғыла мәдениет және демалыс орталығының ғимараты, телефон: 8 (71332)2-20-14  
Сейталиня Мейрамгүл Кайырбековна - төраға  
Байбаракова Айнаш Аманжоловна - төрағаның орынбасары  
Нурманова Диана - комиссия хатшысы  
**Комиссия мүшелері**  
Сабыржанов Ильгиз Магданович  
Шотпаanova Гаухар Ардаковна

**№ 392 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Ойыл ауылдық округі, Ойыл ауылы, Аманкелді Иманов көшесі 2, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-16-52  
Садақбаева Гүлмира Танжарбаевна - төраға  
Елекбаева Дархан Саматовна - төрағаның орынбасары  
Каумешова Есенгүл Сағынбаевна - хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Жантекова Бағдат Айткалиевна  
Буркитов Жолдас Жардемович

**№ 568 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Ойыл ауылдық округі, Ойыл ауылы, Алтынсарин Ыбырай көшесі 19, «Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-0-09  
Алжанов Мурат Шингисович - төраға  
Елекбаева Раушан Саматовна - төрағаның орынбасары  
Нұрмұханов Наурызбай Сәкенұлы - хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Рустемова Айнагуль Есенгосовна  
Мусин Алмат Жалғасұлы

**№ 393 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Ойыл ауылдық округі, Екпетал ауылы, Жасыл ел көшесі 21, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Екпетал мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-1-47  
Бисембин Нурлан Кенесович - төраға  
Сенғалиев Темірбек Әділбекұлы-төрағаның орынбасары  
Тілегенова Жазира Тілегенқызы - хатшысы  
**Комиссия мүшелері**  
Мағауияқызы Жұмаш  
Шарғезова Гүлмира Салимгереевна

**№ 394 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Ойыл ауылдық округі, Қаракерем ауылы, Достық көшесі 3, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Қаракерем ауылдық клубының ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-00  
Оспанов Есенгелди Жолдаскалиевич - төраға  
Исмагулов Амангелды Базартаевич -төрағаның орынбасары  
Жұбанова Әйгерім Айжарыққызы- хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Азан Анар Есімқызы  
Тарғынов Қанжар Тарғынұлы

**№ 395 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Ойыл ауылдық округі, Ақшатау ауылы, Ақжол көшесі 1а, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақшатау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-0-81  
Айжариков Қоныс Боранбаевич - төраға  
Тынысбаев Марат Елемесович - төрағаның орынбасары  
Темірова Дәмелі Қонысбайқызы - хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Құрманғалиев Мейрамбек Алимжанович  
Түлеушова Гүлжамал Елубаевна

**№ 396 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі, Құмжарған ауылы, Республика көшесі 23, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қа-

зыналық кәсіпорынының Құмжарған ауылдық клубының ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-49  
Койайдаров Сағындық Темирович - төраға  
Мамбет Қанат-төрағаның орынбасары  
Акутенова Шынар Бакытжановна - хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Абишев Бауыржан Шыңгуович  
Байманова Лаззат Гумаровна

**№ 397 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі, Қаратал ауылы, Ш.Берсиев көшесі 39, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ш.Берсиев атындағы модульдік кітапханасының ғимараты, телефон: 8 (71332) 37-5-35  
Сулейменова Жандай - төраға  
Адилов Нурлан Байтүркеевич - төрағаның орынбасары  
Нурбалиева Гульнур Сандығалиевна - хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Мырзагулов Нурлыбек Махамбетович  
Кодасбаев Шектибай Қусанович

**№ 398 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі, Қарасу ауылы, Ахмет Жұбанов көшесі 5, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Құрманов бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-0-92  
Сағатов Болат Сағынович - төраға  
Жиенбеков Аманбек Умбетович -төрағаның орынбасары  
Өтебаева Алмагүл Арыстанқызы- хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Мамбетова Айнур Бакиткалиевна  
Молдагулов Сансызбай Аубакирович

**№ 399 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Көптоғай ауылдық округі, Амангелді ауылы, Астана көшесі 16, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Амангелді ауылдық клубының ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-90  
Артыкбаев Дастан Берекетович - төраға  
Төлепбергенов Алтынбек Серікұлы - төрағаның орынбасары  
Сидакова Жәкен Сақышовна - хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Абдигалиева Дидар Сағыновна  
Дүйсенова Айзада Смагуловна

**№ 400 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Көптоғай ауылдық округі, Қарасу ауылы, Алашорда көшесі 7, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Қарасу ауылдық клубының ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-89  
Мұқышов Бекет Қаламғалиұлы - төраға  
Нұртаев Дәулет Аманжолұлы -төрағаның орынбасары  
Нұрғалиев Азамат Айжарықұлы- хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Избасарова Тлегүл Ерболатовна  
Асылбаев Асылан Базарбайұлы

**№ 401 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Көптоғай ауылдық округі, Көптоғай ауылы, Қазақстан көшесі 18, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Көптоғай ауылдық клубының ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-5-11  
Омарова Мейрамгүл Бактығалиқызы - төраға  
Аманбаева Бағлаш Тастемировна - төрағаның орынбасары  
Бисенқұл Айсұлу Жұмабайқызы- хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Муканов Лукман Кадирович  
Танатарова Ардак Сериковна

**№ 569 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Көптоғай ауылдық округі, Көптоғай ауылы, Мектеп көшесі 4, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Құрман орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-5-23  
Омиргалиев Алибек Исағалиевич - төраға  
Калдыгулова Эльмира Сағыновна - төрағаның орынбасары  
Серікқызы Ақкөркем – хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Қожадиясова Арайлым Ғаниқызы  
Жайыкова Женис Асылбековна

**№ 402 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Көптоғай ауылдық округі, Шұбарши ауылы, Желтоқсан көшесі 19, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Шұбарши ауылдық клубының ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-93  
Тайбурин Қазі Өлімұлы - төраға  
Ахметов Орынғали Сабырович - төрағаның орынбасары  
Тұрғалиева Әсем Мухамедиярқызы - хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Мухамбетова Жанаргүл Дауқеновна  
Оңайбаева Гүлжан Амантайқызы

**№ 404 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Сарбие ауылдық округі, Сарбие ауылы, Жастар көшесі 13, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Сапақкөл ауылдық клубының ғимараты, телефон: 8 (71332) 35-2-50  
Дауленова Гүлбарам Аманжоловна - төраға  
Қабижанов Дәуренбек Қонақбайұлы - төрағаның орынбасары  
Сапарова Ұлпан Сапарқызы - хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Сисенова Алия Айягановна  
Қамиева Ақмарал Өтегенқызы  
**№ 405 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Сарбие ауылдық округі, Қаракөл ауылы, Абай көшесі 10,

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаракөл бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-16  
Нұржанова Құндызай Құмарқызы- төраға  
Динуллин Еділ Аралбайұлы - төрағаның орынбасары  
Батырханқызы Анар - хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Бюрина Аксулу Хайроллаевна  
Түймешова Эльмира Мухамбетовна

**№ 406 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Қараой ауылдық округі, Қараой ауылы, Еңбеккерлер көшесі 2, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Қараой ауылдық клубы, телефон: 8 (71332) 73-7-31  
Исмагулов Амангелды Сапартилеуович - төраға  
Базанов Ізмұқан Наурызбайұлы - төрағаның орынбасары  
Калиева Перизат Жалғасбаевна – хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Хамзин Нұрғали Көркембайұлы  
Болатова Данагүл Қамбарқызы

**№ 407 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Қараой ауылдық округі, Құбасай ауылы, Қызылқорған көшесі 7, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Құбасай бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-37  
Амиржанов Курбанбай Жолмырзаевич - төраға  
Ескайыров Азилхан Жолдығалиевич - төрағаның орынбасары  
Тілекбаева Заманай Халелқызы - хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Бисенкулова Айсауле Сатыбалдықызы  
Құбашева Гүлденай Бекболатқызы

**№ 408 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Саралжын ауылдық округі, Саралжын ауылы, Бейбітшілік көшесі 15, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Саралжын ауылдық клубының ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-45  
Килашева Қоныршаш Жумабаевна - төраға  
Аманғалиқызы Асылай - төрағаның орынбасары  
Кожантаева Жанат Абибуллаевна - хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Бөрекеш Нұршат Жұматұлы  
Жұбанов Рүстем Маратұлы

**№ 409 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Саралжын ауылдық округі, Шикұдық ауылы, Қайрат Рысқұлбеков көшесі 18, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Шикұдық ауылдық клубының ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-43  
Аялбергенов Мереке Ерекешович - төраға  
Беисова Айгүл Ескендіровна - төрағаның орынбасары  
Сисенғалиев Аманбек Орынбасарович - хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Сеитмагулов Еркін Жекенұлы  
Сапарова Мейзгул Орынбасаровна

**№ 410 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Саралжын ауылдық округі, Бестамақ ауылы, Тайсойған көшесі 6, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Тайсойған ауылдық клубының ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-2-71  
Бисенов Балтабай Сырлыбаевич - төраға  
Нижанов Асылбек Жұмаұлы - төрағаның орынбасары  
Жиеналина Багдагул Кенжебайқызы - хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Бержекенов Ерболат Нурбергенович  
Калашева Бижамал Калашовна

**№ 411 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Саралжын ауылдық округі, Ақкемер ауылы, Жеткіншек көшесі 9, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Ақкемер ауылдық клубының ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-0-82  
Абылгазин Қалыбек Майлыкович - төраға  
Иманов Алпысбай Жарылғасынұлы-төрағаның орынбасары  
Есенова Алтынгүл Бүгетбаевна - хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Қилыбаев Нұрбек Мұратбекұлы  
Алдабергенұлы Өлібек

**№ 412 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Қайыңды ауылдық округі, Ақжар ауылы, Мектеп көшесі 4, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Ақжар ауылдық клубының ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-8-14  
Ақбисенова Алтынзер Забихоллаевна - төраға  
Муханбетов Серик Қойшыбекович - төрағаның орынбасары  
Тілектесова Аягөз Өсетқызы - хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Жаманқұлов Бактығали Айткалиевич  
Казиева Назгул Тұрғалиевна

**№ 413 учаскелік сайлау комиссиясы**  
Қайыңды ауылдық округі, Көсембай ауылы, Орталық көшесі 10, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Көсембай ауылдық клубының ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-42  
Калиева Булбул Сенбаевна - төраға  
Батырғалиев Нурлыбек Енсегенович - төрағаның орынбасары  
Шутенова Лунара Маратовна - хатшы  
**Комиссия мүшелері**  
Имаганбетова Калия Канатбаевна  
Сатыбалдин Бақытжан Мырзалыұлы

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ І-ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Мемлекеттік органның атауы    | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж. лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты                                       | Мемлекеттік органның орналасқан жері                               | Байланыс телефоны |
|-------------------------------|-----------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------|-------------------|
| Ойыл ауданы әкімінің аппараты | Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлы, аудан әкімі                  | Қаңтар айының 4, 11, 18, 25 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін | Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты | 2-12-23           |
|                               |                                                           | Ақпан айының – 1, 8, 22 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін     |                                                                    |                   |
|                               |                                                           | Наурыз айының – 7, 14, 21 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін   | 13 ақпан - «AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалы                 | 2-12-19           |

2024 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Мемлекеттік органның атауы    | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты                                  | Мемлекеттік органның орналасқан жері                               | Байланыс телефоны |
|-------------------------------|------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------|-------------------|
| Ойыл ауданы әкімінің аппараты | Сүлейменов Саян Сапарұлы, аудан әкімінің орынбасары        | Қаңтар – 2, 9, 16, 23 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін  | Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты | 2-12-23           |
|                               |                                                            | Ақпан – 6, 13, 20, 27 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін  |                                                                    |                   |
|                               |                                                            | Наурыз – 5, 12, 19, 26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін |                                                                    |                   |
|                               | Айдарбаев Мұратбай Болатұлы, аудан әкімінің орынбасары     | Қаңтар – 3, 10, 17, 24 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін |                                                                    |                   |
|                               |                                                            | Ақпан – 7, 14, 21, 28 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін  |                                                                    |                   |
|                               |                                                            | Наурыз – 6, 13, 20, 27 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін |                                                                    |                   |
|                               | Тлепов Ербол Мырзабайұлы, аудан әкімі аппаратының басшысы  | Қаңтар – 5, 12, 19, 26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін |                                                                    |                   |
|                               |                                                            | Ақпан – 2, 9, 16, 23 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін   |                                                                    |                   |
|                               |                                                            | Наурыз – 1, 15, 29 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін     |                                                                    |                   |

2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БӨЛІМ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Мемлекеттік органның атауы                                                               | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы                     | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты                                                | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|-------------------|
| «Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі | Даулеткалиев Сандыбек Токсанбаевич бөлім басшысының міндетін уақытша атқарушы. | Әр аптаның сейсенбі және бейсенбі күндері<br>Уақыты: сағ.- 10:00 -12:30 14.00-18.30 | Ойыл селосы Шернияз көшесі № 49.     | 2-19-84           |

«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ» ММ-НІҢ 2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Бөлім басшысының аты-жөні, тегі | Қызметі       | Азаматтарды қабылдау күні және уақыты                     | Мемлекеттік органның орналасқан жері      | Байланыс телефоны |
|---------------------------------|---------------|-----------------------------------------------------------|-------------------------------------------|-------------------|
| Туремуратов Маулен Оралұлы      | Бөлім басшысы | Әр аптаның сейсенбі, бейсенбі күндері: Сағат 9.00 – 12.00 | Ойыл селосы Көкжар көшесі №69 Кабинет 309 | 8(71332) 2-18-80  |

Сенім телефоны «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 2-18-80 нөмірінде орнатылған. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| № | Қабылдау жүргізетін адамның аты – жөні     | Қабылдау күндері мен уақыты                                                                                  | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|--------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|-------------------|
| 1 | Саралжын ауылдық округі әкімі М.Тахиғалиев | Қаңтар 9, 16, 23, 30<br>Ақпан 6, 13, 20, 27<br>Наурыз 5, 12, 19, 26<br>Уақыты сағ.: 9:00 ден -12.00 ға дейін | Ботакөз көшесі – 2 № 12              | 74 – 001          |

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ  
«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 74-001, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

2024 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА Ш. БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Мемлекеттік органның атауы                                    | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты              | Мемлекеттік органның орналасқан жері     | Байланыс телефоны          |
|---------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------|------------------------------------------|----------------------------|
| «Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ | Шауменов Нурлыбек Сағынганович Округ әкімі                 | Әр аптаның сәрсенбісі. Сағ. 10:00 -12:00 ге дейін | Қаратал ауылы, Сүлеймен әулие көшесі №12 | 73-2-62 bersiev_79@mail.ru |

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ  
«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ-сының сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 73-2-62 нөмірінде орнатылған. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс – пікір салу үшін жәшік орнатылған.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров  
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат  
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1405 дана. Тапсырыс 40 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

«ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА»: АТА – АНА ШОТ АШУЫ КАЖЕТ НЕ? ӨЗЕКТІ 7 СҰРАҚҚА ЖАУАП

ЕЛДЕ 18 ЖАСҚА ТОЛМАҒАН 6,7 МИЛЛИОННАН АСТАМ БАЛА БАР. ҚАЗАҚСТАНДА 2024 ЖЫЛДАН БАСТАП «ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ЖЫЛ САЙЫН БАЛАЛАРДЫҢ АРНАЙЫ ШОТЫНА АҚША АУДАРЫЛЫП ТҰРАДЫ.

Бағдарламаға қатысу үшін не істеу қажет? Арнайы шот қайда ашылады? Жиналған ақшаны қайда жұмсауға болады?

№1. Бағдарламаға кімдер қатысады?

18 жасқа толмаған, яғни 2006 жылы және одан кейін туған Қазақстан азаматы саналатын әрбір бала "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасына қатысады.

Ақшаны 18 жасқа толғаннан кейін ғана алады. Шетелге көшіп, Қазақстан азаматтығынан бас тартқан балаға Ұлттық қордан ақша төленбейді. Шетелде өмір сүргенімен Қазақстан азаматтығын өзгертпесе, оның шотына көмелет жасқа толғанға дейін қаражат аударыла береді.

№2. Ата-ана баласына шот ашуы қажет пе? Ата-анаға баласы үшін еGov порталына тіркелудің де, екінші деңгейлі банктен шот ашудың да қажеті жоқ.

Баланың деректері Мемлекеттік дерекқорға дұрыс енгізілсе, онда бағдарламаға автоматты түрде қатысады. Ал ақша түсетін арнайы шот та балаларға автоматты түрде ашылады.

Дегенмен ата-ана баласының деректерін тексеріп алғаны жөн:

баланың жеке басын куәландыратын құжатты (балалардың азаматтығын айқындау үшін) алуы қажет; деректемелердің бар-жоғын және дұрыстығын тексеру: кемелетке толмаған баланың аты-жөні, туған күні, ЖСН, азаматтығы;

еGgov-та жеке кабинетке кіріп, "балалар туралы мәліметтер" бөлімінде балалар туралы мәліметтердің бар-жоғын тексеру қажет.

№3. Ұлттық қордың табысы қалай есептеледі?

Жыл сайынғы аударымдарды есептеу үшін Ұлттық қордың соңғы 18 жылдағы орташа инвестициялық кірісі есепке алынады.

Қорға түсетін инвестициялық табыстың 50 пайызы жыл сайын 18 жасқа толмаған балалардың жеке шоттарына теңдей аударылып отырады. Бала 18 жасқа толғанға дейін жинақталған қаражат Ұлттық қорда сақталады және оны Ұлттық банк түрлі қаржы құралдарына инвестициялайды.

Одан түскен инвестициялық табыс та балалардың шотына қосымша түсіп тұрады.

№4. Ақшаны қайда жұмсауға болады? Ұлттық қордың табысынан жиналған қаражатты 18 жасқа толғаннан кейін екі мақсатта пайдалана алады:

Баспана сатып алу немесе тұрғын үй жағдайын жақсарту.

Ойыл аудандық мәдениет қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық мәдениет үйінің әдіскері Бисенғалиева Жаңылдыққа

ағасы Баймырзаның дүниеден озуына қайтыс болуына байланысты отбасына қайғырып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық мәдениет қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық мәдениет үйінің аула сыпырушысы Жұбанов Кәкімжанға

Інісі Көдіржанның дүниеден озуына қайтыс болуына байланысты отбасына қайғырып, көңіл айтады.

Бұл ретте үйді тек Қазақстаннан сатып алуға рұқсат етіледі. Білім алу.

Бала шетелде білім алам десе – ақшаны пайдалануға шектеу қойылмайды. Отандық жоғары оқу орындарымен қатар шетелдік университеттерде де оқуға мүмкіндік бар.

№5. Ақшаны пайдаланылмаса, Ұлттық қорға қайтарыла ма?

Бала 18 жасқа толғаннан кейін жиналған ақшасын алмаса, онда қаржы 10 жыл бойы шотта сақталады.

Он жылдың ішінде қаржыға тиіспесе онда сол адамның зейнетақы шотына аударылады.

Бала қайтыс болған жағдайда қаражат мұраға қалдырылады, яғни туған бауырлары арасында бөлінеді немесе ата-анасына беріледі.

№6. Жиналған ақшаны қалай алады?

18 жасқа толғаннан кейін шотқа жинақталған қаржыны алу үшін уәкілетті операторларда, яғни екінші деңгейдегі банктер немесе "Қазпоштада" арнайы шот ашу керек. Одан кейін еGov порталында тиісті өтінім береді. Сол өтініш арқылы зейнетақы қорында жинақталған қаражат оның арнайы шотына аударылады.

Қаржының мақсатқа сай пайдаланылуын уәкілетті операторлар тексереді.

Шоттағы ақша АҚШ долларымен есептеледі және 18 жасқа толғанға қаржыны банктегі шотына доллармен де, теңгемен де аударалады.

Кемелетке толғанға жасөспірімнің шотына сол сәттегі бағам бойынша теңгемен аударылады.

№7. Шотқа ақша түскен-түспегенін қалай тексереді?

Ата-аналар шотқа ақша түскен-түспегенін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының сайтынан тексере алады. Ол үшін баланың ЖСН-ін енгізе жеткілікті.

Ал бірнеше жылға түскен қаражатты көру үшін еGov порталындағы жеке кабинетке кіру керек.

Р.С. ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫ БАСҚАРУ ҰЛТТЫҚ БАНКТІҢ ҚҰЗЫРЫНДАҒЫ ШАРУА БОЛҒАНМЕН, «ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА» ЖОБАСЫНЫҢ ҮЙЛЕСТІРУШІСІ - ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ. АЛ ОПЕРАТОР - БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ. ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАЗАСЫНДАҒЫ ДЕРЕК НЕГІЗІНДЕ 2024 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША 18-ГЕ ТОЛМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ТІЗІМІ ЖАСАЛАДЫ. СОЛ ТІЗІМ НЕГІЗІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАБЫСЫНЫҢ ТЕҢ ЖАРТЫСЫН НЕШЕ БАЛАҒА ТЕНДЕЙ БӨЛУ КЕРЕКТІГІ БЕЛГІЛІ БОЛАДЫ.

ЖАҢА КІТАП

МӘҢГІЛІК МАХАББАТ

ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗҒА ЕРЕКШЕ БІР СҮЙІСПЕНШІЛІКПЕН ЖАЗЫЛҒАН, ӨР СӨЗІНІҢ АСТАРЫНДА МЕРЕЙЛІ МАХАББАТ, ІЗГІЛІКТІ ІЛТИПАТ, СЫПАЙЫ СЫЙЛАСТЫҚ, СУЫМАС САҒЫНЫШ СЕЗІЛЕТІН, «ТАҒДЫР... АҚИҚАТҚА АРНАУ...» ДЕП ТАҚЫРЫП ҚОЙЫЛҒАН БІР КІТАП ТҮСТІ. АВТОРЫ — ГҮЛМИРА САҒЫНДЫҚОВА.



Жинақтың алғы сөзінде жазылғандай, аталған альбом-кітап «елдің белгілі азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері Елеусін Сағындықовтың өмірлік серігі болған Мінаура Әбиқызы Құрғұлова рухына» арналған. Мынау тылсымы көп тіршілікте кім болсаң да, қандай ортада жүрсең де, айналып соғып отыратын, жаныңа жылылық, көңіліңе шуақ сыйлайтын, күш-қуат беретін алтын ұяң бар. Ол — шаңырағың. Сол шаңырағыңның шырайын келтіретін — әйел, ана, жар. Елеусін Наурызбайұлы мен

Мінаура Әбиқызы жарты ғасырдан астам бірге қол ұстасып, үлкен махаббатпен ғұмыр кешті. Олардың отбасында Гүлмира, Рүстем, Әлия есімді әсем перзенттер дүниеге келді. Әкенің айбынды тұлғасы, ананың аялы алақаны оларға тәлім мен тағылымның үлгісін ұсынып отырғандай болды. Соның нәтижесінде бәрі де қатарының алды болып өсті. Үлкені Гүлмира Мәскеудің Сеченов атындағы Мәскеу медицина академиясының аспирантурасын бітірген, медицина ғылымдарының докторы, Еуропаның медици-

налық университеттерінде, Тель-Авивте өзінің авторлық әдістемесі бойынша лекциялар оқыған білікті ғалым. Рүстем Мәскеу халықтар достығы институтын және докторантурасын бітірген. Тарих ғылымдарының докторы. Дипломат. БҰҰ-да Қазақстан арнаулы өкілінің кеңесшісі болған. Ал Әлия — ағылшын тілі маманы, лингвист. Оның екінші мамандығы — заңгерлік. Осы үшеуінен өрбіген немерелер атасы мен әжесінің құшағында өсті. Олардың да алды бүгінде азамат болды. Аталған кітаптағы «Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ...» аталатын бөлім жүрек тебіренеді. Бұл — абзал азаматтың асыл жарға сағынышы, мәңгілік сүйіспеншілігі. «...Жан жарым Мінаурамнан айырылғаныма жыл толды. Бес күн жалғанның қызығы мен қуанышын тең бөліскен, бақытқа беленген елу бес жыл артта қалды. Жанымды — нұрға, көңілімді шаттыққа бөлеген Мінаурамның өзі өмірден өтсе де, аяулы бейнесі, жұмсақ үні жадымда, жүрегімде. Оның қайталанбас адами болмысы, кісілік келбеті, айналасына шуағын төгіп тұратын нұрлы жүзі, сөйлеген сөзі — бәрі-бәрі есімде...». Жар таңдау... Өмірдің бұл да бір жігітке ұсынатын сыны. Бұл жолы да Елекең Абайға жүгінеді. Біреуді көркі бар деп жақсы көрме, Лапылдақ, көрсе қызар нәпсіге ерме.

Әйел жақсы болмайды көркіменен, Мінезіне көзің жетпей көңіл берме! Осындай жарасты ғұмырдың әйтеуір бір күндері үзілетіні өкінішті... «Оның күлкісі бұл жарық дүниенің мен көрген жауһары мен асылы еді... Оның күлкісі маған өмір сыйлады...». Белгілі өлеңде айтылатындай, адамның адамды жақсы көруі не деген керемет сезім еді... «Дәл сол көрініс Мінаурамның өмірден өткен уақытында қайтalandы. Соңғы демін алып, мәңгілікке көз жұмар сәтінде елу бес жыл бұрынғы алғаш танысқан күндегідей күлімсіреді». Еңсесін қайғы басқан ауыр сәтте де Елекең Абайдан алыстап кете алмайды, ұлы ақынның сөздерінен жанына тыныштық табады, соның өмірін өзіне сабақтастырады. «Менің Мінаурам Ділдәдай кемегер, кең болды, Өйгерімдей сұлу, Еркежандай ақылды болды! Осындай адамға жолықтырып, жарты ғасырдан аса уақыт бақытты да бақуатты ғұмыр кештірген Аллаға шүкір еттім...». ...Иә, өмір тоқтаусыз алға ағындай береді. Ол тағы да Абайдан қуат алады: «Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме!». Бұл кітап — мәңгілік махаббат жыры. Жүректе сағыныш, көңілде сүйіспеншілік сезімі тұрғанда аяулы жанның асыл бейнесі ешқашан да көмескі тартпайды. Бұл жинақтың оқырман қауымға берер тағылымы да, тәлімі де осындай... Нұрмұханбет ӨБДІЛДАҰЛЫ.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ҚЫЗМЕТІ НЕГЕ БАЙЛАНЫС АЯСЫНАН ТЫС БОЛДЫ?


АҚТӨБЕДЕГІ ОБЛЫСТЫҚ ЖЕДЕЛ ЖӨРДЕМ БЕКЕТІ ҚЫЗМЕТІНЕ ҮШ КҮН БОЙЫ БІР МЕЗГІЛДЕ ХАКЕРЛІК ШАБУЫЛ ЖАСАЛҒАН. МАМАНДАР ҚАЗІР DDOS ШАБУЫЛДЫҢ КІМ ЖАСАҒАНЫН ТЕКСЕРІП ЖАТЫР.

Ақтөбе облыстық жедел жәрдем бекеті тәулігіне 1200-1400 адам қоңырау салады. 5, 6, 7 қаңтар күндері мұнда сағат шамамен 18:00-де шабуыл жасалып, мамандар үш күн қатарынан жөндеу жұмысын жүргізді. Ал шақыртудың бәрі 112 және 109 нөмірі арқылы қабылданды. «5, 6, 7 қаңтар күндері диспетчер қызметінде интернет істен шығып, байланыс үзілді. Өте ауыр жағдайлар болды. Біздің ресми провайдеріміз «Транстелеком» АҚ жұмыс істеп, 5 қаңтар күні сағат 18:00-19:00 аралығында, 6 қатар күні сағат 18:00-22:00 аралығында, 7 қаңтар күні сағат 18:00-ден бастап сағат 22:00-ге дейін ақауды жөндеді. Байланыс болмаған соң 109-ға, сонымен бірге 112 қызметіне диспетчерлерді жіберіп, олар шақыртуды бағыттап отырды», - деді облыстық жедел және шұғыл медициналық көмек стансасының бас дәрігері Марат Жанқұлов. Оның айтуынша, бұл мәселенің себебі мен шығынды өтеу жайы «Транстелеком» АҚ мен облыстық Денсаулық сақтау басқармасының заңгерлері аясында шешіледі. қоғамБүгін жедел және шұғыл медициналық көмек бекетіне барған «Транстелеком» АҚ өкілдері үш күн бойы хакерлік шабуыл жасалғанын хабарлады.

«5-7 қаңтар аралығында Жедел жәрдем бекетінің телефония және интернетінде қиындықтар болды. Бұл 5 қаңтар күні сағат 18:00 шамасында басталды. Біздің қызметкерлер шұғыл келіп, жөндеді. DDos шабуыл жасалған. Интернетті бұғаттаған. Кешеден бастап байланыс қалпына келтірілді. Бұған дейін акционерлік қоғам тарихында 103-ке қатысты шабуыл болмады», - деді «Транстелеком» АҚ АОФ даму жөніндегі директоры Қанат Сырлыбаев. Оның айтуынша, мамандар бірден 103 қызметінің IP адресі өзгерткен. «Ұйымдасқан іс сияқты болып тұрды. Себебі үш күнде де бір уақытта шабуыл жасап, интернетті істен шығарады. IP адрес қайта өзгерді. Енді қайталанбайды деп сенімдіміз. Жалпы күні бойы емес, 2-3 сағат қана істен шықты», - деді Қанат Сырлыбаев. Айта өтейік, облыстық жедел және шұғыл медициналық көмек стансасында байланыс үшін жыл сайын 7-8 млн теңге қарастырылған. Бір жыл бойы «Транстелеком» АҚ қызмет көрсетсе, биыл қайта «Қазақтелеком» АҚ қызмет көрсету байқауын жеңіп алды. Бұған дейін түрік инвесторлары арқылы мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде салынған бекет коммуналдық мекемеге айналды.

«БОТУЛИЗМНІҢ АЛДЫН-АЛУ»

БОТУЛИЗМ - КӨБІНДЕ ӨЛІМГЕ ӨКЕЛІП, СОҒАТЫН ТАҒАМНАН УЛАНУ. БҰЛ АУРУ ТАҒАМ ҚҰРАМЫНДА АСҚАЗАН СӨЛІНЕ ТӨЗІМДІ УЛЫ ТОКСИННІҢ БОЛУЫМЕН МАҢЫЗДЫ.



Ботулизм термині өзінің атын латын сөзі «botulus» - тан бастау алады, себебі бұрынғы кезде осы тағамнан улану көбінде шұжықпен байланысты болған. Қоздырғыш анаэробты жағдайда тіршілік етеді, яғни өмір сүру ортасында оттегі болмауы керек. Микроорганизм бөліп шығаратын токсин эпидемиологиялық маңызды болып табылады, айта кету керек, бірақ, тағамның дәмі, сыртқы түрі ешбір өзгеріске ұшырамайды, тек өте сирек кездестін белгі - газ бөлінуіне байланысты қақпақтың көтерілуі («бомбаж»). Ағзаға түскен токсиндер жүйке жасушаларына барып тұрып қалғаннан соң, ағзадан бөлініп шықпайды, бұл тыныс алу және жүректің жұмысының жеткіліксіздігінен өлімге әкеліп соғады. Аурудың ерте белгілеріне аз уақыт ішінде байқалатын гастроэнтерит симптомдары жатады (жүректің айнуы, құсу, бас ауру), бара – бара бұл ботулизм ауруына тән жүйке жүйесінің жұмысының бұзылу белгілеріне ауысады (көз еттерінің жаныздануы, қарашығының үлкеюі, заттарды екеуден көру - диплопия, жарыққа реакцияның болмауы, таңдай еттерінің, тамақтың, кеңірдектің жаныздануы, сөйлеудің афонияға дейін бұзылуы, жұту, шайнау актілерінің бұзылуы және т.б.). Ботулизмнің алдын – алу мақсатында, облыс халқының назарын келесі мәселелерге аударғымыз келеді: - көшеден үй жағдайында дайындалған консервіленген, қақталған тағамдарды сатып алмаңыздар; - консервіленген тағамдарды жеудің алдында оның сақталу мерзімінің ұзақтылығын, сатылу мерзіміне және қақпақтың көтерілуінің «бомбаждың» бар немесе жоқтығына назар аударыңыздар; - көкөністерді, жемістерді және саңырауқұлақтарды консервілеу кезінде оларды мұқият жуып, термикалық өңдеуден өткізу және зарарсыздандыру тәртібін, жағдайын міндетті түрде сақтау қажет; - тағамнан улануға күдіктенген кезде міндетті түрде тез арада тиісті ем алу үшін дәрігерге қаралу керек, өз-өзіңізді емдеумен айланысуға болмайды.

Ақтөбе облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті

2024 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Мемлекеттік органның атауы                    | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж лауазымы    | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты                                                               | Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері    | Байланыс телефоны |
|-----------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------|-------------------|
| «Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты»ММ | Асылбаев Ерлан Базарбаевич Көптоғай ауылдық округінің әкімі | Қаңтар - 5,12,19,26 Ақпан – 2,9,16,23 Наурыз – 1,15,22,29. Уақыты сағат 10:00-ден – 12:30-ға дейін | Көптоғай селосы «Мәңгілік ел» көшесі №20 | 74-5-11           |

САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ І - ТОҚСАН БОЙЫНША ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| № | Қабылдау жүргізетін адамның аты- жөні   | Қабылдау күндері мен уақыты                                                  | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|-----------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|-------------------|
| 1 | Сарбие ауылдық округі әкімі Д. Бисебаев | Қаңтар 3,9,12,17,22,26,30 Ақпан 2,7,13,16,20,23,27 Наурыз 4,7,11,15,19,25,29 | Жастар көшесі № 16                   | 35-2-20           |

2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Мемлекеттік органның атауы                | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты                          | Мемлекеттік органның орналасқан жері        | Байланыс телефоны |
|-------------------------------------------|------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------|---------------------------------------------|-------------------|
| Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі | Адилханов Болатбек, бөлім басшысы                          | Өр аптаның жұма күндері Уақыты: сағ. 10:00-ден 12:00-ге дейін | Ойыл селосы, Құрманғазин көшесі №43 ғимарат | 2-11-54           |

«Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда төмендегі сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефонының номері 2-11-54. Сонымен қатар, мекемеде ұсыныс-пікір салу үшін жөшік орнатылған.

2024 ЖЫЛДЫҢ – І ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Мемлекеттік органның атауы                 | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты                                                      | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|--------------------------------------------|------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|-------------------|
| «Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Амангосов Артур Сарсенбаевич Ойыл ауылдық округінің әкімі  | Өр аптаның дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін. | Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69       | 2-10-20           |
| «Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Ойыл ауылдық округі әкімінің орынбасары                    | Өр аптаның сәрсенбі, жұма күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін.               | Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69       | 2-10-20           |